

Бекітілді

Мектеп директоры

А.К. Шағраева

« 2021 ж



2021-2022 оқу жылындағы

қазақ тілі мен әдебиеті бірлестігінің жоспары

№	Жұмыс түрі	Жауапты адам	мерзімі
1.	2020-2021 оқу жылындағы тақырыптық-күнгізбелік жоспарды бекіту. Тілдер мерекесін ұйымдастыру	Бірлестік жетекшісі	қыркүйек
2.	БЖБ және ТЖБ тапсырмаларын әзірлеу және сараптау жұмыстарын жүргізу, БЖБ, ТЖБ өткізілу уақытын белгілеу.	Пән мұғалімдері	қазан
3.	Аттестациядан өтетін мұғалімдер жұмысымен танысу. Пәндік олимпиадаға қатысатын оқушыларды дайындау.	Пән мұғалімдері	қазан
4.	I тоқсан бойынша білім сапасының мониторингісі, БЖБ, ТЖБ анализдерін талдау	Пән мұғалімдері	қараша
5.	Пәндік олимпиадаға оқушыларды қатыстыру.	Пән мұғалімдері	қараша
6.	Аттестациядан өтетін мұғалімдер жұмысымен танысу. II тоқсан бойынша білім сапасының мониторингісі. Тоқсан мониторингісі БЖБ, ТЖБ анализдерін талдау.	Пән мұғалімдері	желтоқсан
7.	Әдістемелік газет-журналдарға материал жіберу Өзара сабаққа қатысу	Пән мұғалімдері	қаңтар
8.	Мұғалімдер мен оқушыларға арналған қашықтықтан өткізілетін олимпиадаларға қатысу, белсенділік танытуды талқылау. Наурыз мерекесін тойлауды жоспарлау.	Пән мұғалімдері	ақпан
9.	Қазақ тілі апталығының өткізу және қорытындылау	Пән мұғалімдері	наурыз
10.	БЖБ, ТЖБ анализдерін талдау. III тоқсан бойынша білім мониторингісін шығару.	Пән мұғалімдері	наурыз

11.	9-11-сыныптардың мемлекеттік емтиханға дайындық деңгейін талқылау	Пән мұғалімдері	мамыр
12.	БЖБ,ТЖБ анализдерін талдау. ІVтоқсан бойынша білім мониторингісін шығару. 2020-2021 оқу жылын қорытындылау	Пән мұғалімдері	мамыр

Қазақ тілі мен әдебиеті бірлестігінің жетекшісі: Медиева К.Т.

№9 орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні бірлестігінің 2021-2022 оқу жылы бойынша жылдық есебі

Мақсаты:

Мұғалімдердің педагогикалық және кәсіби шеберлігін, құзырлылығын және сабақ беру әдістемесін үздіксіз жетілдіру арқылы оқушылардың сапалы білім алуына, шығармашылық деңгейінің жоғары сатыға жетуіне ықпал ету.

Қазақ тілі пәні бірлестігінде биылғы оқу жылында 23 мұғалім еңбек етті. Оның ішінде орыс сыныбына сабақ беретін мұғалімдер саны – 19. Мұғалімдер талапқа сай, барлығы жоғары білімді мамандар. Болашақ ұрпаққа жаңа технология әдістері бойынша оқытуда сапалы білім беруге талпынады. Педагог-модератор – 6, педагог-сарапшы – 3, педагог-зерттеуші – 2.

Бірлестік мүшелеріне жыл басында апталық жүктемелер бөлініп, бекітіліп берілді. ӘБ отырысы жасалынып, жыл бойына атқарылатын міндеттемелерді бөлісіп алды. Жылдың басында әдістемелік бірлестікте отырыс өткізілді, онда әр түрлі сұрақтар қаралып, шешімдер қабылданды.

Оқу материалы бағдарламаға, жоспарға сәйкес түгел қамтылды, мұғалімнің шығармашылық тақырыбы бойынша есебі тыңдалып, пікір алмасып, талқыланды.

ҰБТ-ға тиянақты дайындау 11-сынып пән мұғалімдеріне тапсырылды.

Оқу жылы 1 қыркүйекте салтанатты жиынмен басталып, пән мұғалімдері өз сыныптарында алғашқы Білім сабақтарын берді

22 қыркүйек Тілдер мерекесіне орай мектептің ағылшын, орыс тілі бірлестіктерімен біріге отырып, апталық өткізілді. Апталықта оқушылар 3 тілде «Тілдер әлемінде» атты қабырға газеттерін шығарды. Әрбір қабырға газеті өзіндік талаптарға сай, мәні мен мағынасы жағынан ерекшеленіп тұрды. Қазақ тілі мұғалімдері «Тілдер мерекесі» онкүндігі қарсаңында мектебіміздің бірінші қабатында 5-7 сынып оқушыларына арнап «Кел, ойнайық!» ойындары өткізілді. Ойынға оқушылар өте қызығушылық танытты.



Онда тіл туралы мәлімет, оқушылар шығармашылығы жинақталды.

2022 жылдың 01-11 наурыз аралығында «Тілім менің – тірлігімнің айғағы» атты қазақ тілі мен әдебиеті пән бірлестігінің апталығы өткізілді. 01 наурыз күні апталықтың ашылуы мен жоспары таныстырылды. Тіл тақырыбына арналған өлең-жырлар оқылып, әндер шырқалды. Барлық сыныптарға апталыққа байланысты газет, буклет шығару тапсырылды. Бірлестіктегі барлық пән мұғалімдері сыныптан тыс іс-шаралар өтті.

Тіл қандай да болсын ұлттың, халықтың баға жетпес рухани қазынасы, ұлттық санамен байланысты мақтан тұтар ардақтысы. Сондықтан тілден тілдің кемдігі жоқ» деген ізгілікті принциптің қазіргі таңда қолданылуының ерекше мәні бар. Өз халқының қадір - қасиетін ұға білген жан ана тілін аяқ асты етпейді, өзге тілді де өзекке теппейді.

«Әр халықтың тілі – білімнің кілті» демекші мектепте апталық өз дәрежесінде өтті.

1-11 сыныптарда «Күн энергиясы!», «Табиғатты аялайық», «Кел, балалар, оқылық», «Наурыз нақыштары», «Ана-Жер-Ана» тақырыптарында ашық сабақтар, «Ұлылар еліне саяхат», «Ертегілер еліне саяхат», «Туған елімнің тарихы», «Жігіт сұлтаны» тақырыбында сыныптан тыс сайыс сабақтарын өткізді, Сабаққа мектеп директорының оқу ісі орынбасары және бірлестік мұғалімдері қатысты.



Апталықтың соңында белсенді қатысқан оқушылар марапатталды.

I тоқсан соңында бақылау жұмысы алынып, сараптама жасалып, қорытындыланды. Бақылау жұмыстары да жоспар бойынша өткізілді.

Тоқсандық сапасы, үлгерімі төмен оқушылардың білім сапасының есебін айқындау, бақылау жұмыстарында кеткен қателер, білім сапасын көтерудің жолдары қарастырылды.

Утербаева А.Ж. «Оқушыларды әлеуметтік желілердегі қазақ тілінің тазалығына баулу», Кадирбаева Г.А. «Орыс сыныптарына қазақ тілін оқытудың жана әдістері» тақырыбындағы еңбектерін баспаға жариялады.

Жаңартылған білім беру бағдарламасы негізінде 5 мұғалім біліктілікті арттыру курсынан өтті.

Биылғы жыл - қазақ халқы үшін айрықша ардақты, Мемлекетіміз үшін ең мерейлі жыл
Биыл Тәуелсіздік алғанымызға 30 жыл толып отыр. Тәуелсіздік - біздің абыр ойымыз, намысымыз! Бұл атаулы шараға да мұғалімдеріміз атсалысып, мәнерлеп оқу, патриоттық әндер сайысына оқушыларын қатыстырды.

Кітап адам өмірінде, әсіресе, өскелең ұрпақтың өмірінде ерекше орын алады. Кітапсыз, білімсіз күніміз қараң болатын еді. Кітап оқу арқылы біз

білімімізді шыңдап, сөздік қорымыз бен ой – өрісімізді кеңейтеміз. Кітап - біздің рухани жан азығымыз.

Осы орайда кітапханамен бірлікте Президент күніне орай «Елімнің Тұңғыш Президенті», «Тәуелсіздік-мәңгілік елдің тұңғыры» атты тақырыпта эссе, шығарма байқауының өтуіне үлесімізді қостық. Оқушыларды кітап оқуға баулып, қалалық, облыстық кітапханаларға саяхат жасаттық.

Қорытындылай келе, қазақ тілі бірлестігінің игі іс-шаралары ары қарай жалғасын таппақ, болашақта олқылықтармен жұмыс жасап, оқушылар арасында мәнерлеп оқу, сауатты жазу жарыстарын жүйелі түрде ұйымдастыру жоспарланып отыр.

9-11-сыныптардың қазақ тілінен мемлекеттік емтихан көрсеткіші талданды.

Мұғалімдердің озық іс-тәжірибелерін тарату мақсатында баспасөз беттеріне мақалалар, ашық сабақтар, сабақ жоспарларын беру.

Бірлестік жетекшісі: Медиева К.Т.



«Бекітемін»

«№9 Жалпы білім беретін мектебі» КММ

Директоры: А.К. Шаграева

Қазақ тілі мен әдебиеті апталығының жоспары 01.03.-11.03.2022 жыл.

№	Іс-шара атауы	Өтілетін күні	Уақыты	Сыныбы, кабинеті	Мұғалімі
1.	Қабырға газеті сайысы	01-11.03	Апта бойы	дәліз	
2.	«Қазақстанның болашағы-қазақ тілі» .Апталықтың ашылуы	01.03.2022ж.	I ауысым 6-сабақ	Дәліз 2-қабат	Омар К. Жусипова З.Б.
3.	«Күн энергиясы» Ашық сабақ	01.03.2022 ж	I ауысым 5-сабақ	9 «В» сын. 403 кабинет	Досумаева Б.С.
4.	«Төрт түліктің пайдасы». Ашық сабақ	01.03.2022 ж	II ауысым 2-сабақ	7 «Д» сын. 403 кабинет	Айтқали Г.
5.	«Табиғатты аялайық». Тәрбие сағаты	01.03.2022 ж	II ауысым 5-сабақ	4 «В» сын. 205 кабинет	Жумагазина А.
6.	«Кел,балалар, оқылық». Ашық сабақ	02.03.2022ж.	II ауысым 1-сабақ	3 «Д» сын. 102 кабинет	Ешимбетова Р.Ж.
7.	«Бауырсақ пати»	02.03.2022 ж	I ауысым 6-сабақ	Барлық сыныптар	Достанова Т.А. Досумбаева Б.С.
8.	Ұлттық ойындар	02.03.2022 ж	II ауысым 3-сабақ	5-6-7- сыныптар	Жусипова З.Б. Медиева К.Т.
9.	«Қошақаным сүйкімді». Ашық сабақ	03.03.2022 ж	I ауысым 5-сабақ	2-сынып 208 каб.	Бабажанова Ж.
10.	«Наурыз накыштары» сайыс сабақ	03.03.2022ж.	I ауысым 4-сабақ	8 «Д», «Е» сын. 403 кабинет	Утербаева А. Ж.
11.	«Ана-Жер-Ана» Ашық сабақ	03.03.2022 ж	II ауысым 1-сабақ	6 «Д» сын. 405 кабинет	Абильдикова К.Б.
12.	«Қозы Көрпеш-Баян сұлу жыры» Ашық сабақ	04.03.2022ж.	I ауысым 3-сабақ	8 «Е» сын. 403 кабинет	Омар К.

13.	Ұлықбек Есдәулет «Қара пима» поэмасы. Ашық сабақ	04.03.2022 ж	I ауысым 3-сабақ	10 «Б» сынып 403 кабинет	Канапина Ж.
14.	«Компьютер қалай пайда болды?» Ашық сабақ	04.03.2022 ж	II ауысым 2-сабақ	5 «В» сынып 403 кабинет	ЖантұрсыноваМ. А.
15.	«Наурызда ән айтады» Тәрбие сағаты	04.03.2022 ж	II ауысым 3-сабақ	2 «Д» сынып	Доғдырғалиқызы Р.
16.	«Мінез – ақылдың сауыты» Ашық сабақ	07.03.2022ж.	II ауысым 4-сабақ	5 «Б» сын. 304 кабинет	Ахметова А. А.
17.	«Жігіт сұлтаны-2022» сайыс	09.03.2022ж.	I ауысым 6-сабақ	9, 10- сынып	Нурсултанова Ж. У
18	«Туған елімнің тарихы мен байлығы» Сайыс сабақ	09.03.2022 ж	II ауысым 5-сабақ	6»Г», «В», «Д» сын. 403 қаб	Медиева К.Т
19.	«Ұлылар еліне саяхат» Сайыс сабақ	10.03.2022 ж	I ауысым 3-сабақ	8,9,11- сыныптар	Божикенова А.А.
20.	«Ертегілер елінде»	10.03.2022ж.	II ауысым 1-сабақ	Барлық сыныптар	Ахметова А. Панова А.А.
21.	«Қазақстанның болашағы-қазақ тілі» атты апталықтың жабылуы	11.03.2022ж.	I ауысым 6-сабақ	Актзал	Жусипова З. Б. Бабажанова Ж.